

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**«Инклюзивті білім беру жағдайында дарынды балаларды
психологиялық-педагогикалық қолдау стратегиялары» білім беру
ұйымдарына арналған**

Бағдарлама авторы:

Махашова П.М.- «Педагогикалық психология» кафедрасының педагогика
магистрі, аға оқытушы

Бағдарлама келесі нормативтік-құқықтық құжаттарды ескере отырып әзірленген:

Бағдарламаның тақырыптық-күнтізбелік жоспарын әзірлеу барысында келесі нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>);

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс жасау қағидалары» туралы №377 бұйрығы (25.08.2022), ҚР Білім және ғылыми министрлігінің «Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары» №4 бұйрығы (12.01.2022) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618> және «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» №6 бұйрығы (12.01.2022) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513>.

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Кіріспе. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы (2023ж.) жоғары оқу орындарын ірілендіру саясаты барысында мұғалімдердің біліктілігін арттыру, бәріне бірегей білім беру үшін интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлы ресурстары тегін әрі қолжетімді болуын қамтамасыз ету, психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажеттігін ерекше атап өтті.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында: «Дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау жөніндегі жұмысты жетілдіру, балалардың мүдделерін қорғау, баланың қауіпсіз өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге арналған», - делінген.

Инклюзивті білім берудің заманауи міндеті интеллектуалды дамуды, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерді ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуді қарастырады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы» сынды құқықтық-нормативті құжаттар арқылы міндеттелген инклюзивті білім беру үрдісі педагогтардың кәсіби іс-әрекетіне қойылар талаптарды күшейтеді.

Бағдарлама жалпы білім беретін білім беру ұйымдарының педагог-психолог қызметкерлерін инклюзивті білім беру жағдайында дарынды балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологияларын қолдану икемділігі мен дағдыларын қалыптастыруға, жеке білім беру бағдарламасын жасауға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар әрбір дарынды бала үшін оңтайлы педагогикалық бағыттамаларды жобалауды оқытуға бағытталған.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес елімізде 2011 жылдан бастап инклюзивті білім беру кезеңімен енгізілуде. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары бойынша «Қол жетімділік пен инклюзивті білім қолға алынып, инклюзивті білім беру психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз етуді, оқу бағдарламаларын құруды, сондай-ақ педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыруды көздейді.

Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру жағдайына байланысты балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі екі кезеңді қамтиды. Біріншінде психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру туралы жалпы ереже әзірленеді; мамандардың құрамы және лауазымдық міндеттері бекітіледі; олардың кәсіби өсуіне жағдай жасалады. Екінші кезеңде дарынды балалардың тізімі және психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламалары, жеке оқу жоспарлары, білім беру бағдарламалары, мамандардың жеке бағдарламалары талқыланып, бекітіледі.

ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптары аясында дарынды баланың білім бағдарламаларын меңгеру ерекшеліктеріне байланысты, оқу материалдары мен ресурстарын бейімдеу сынды күрделі мәселелерден бастап, инклюзивті білім қажеттілігі бар оқушылар

категорияларының психофизиологиялық даму ерекшеліктері, олардың қабылдау деңгейлеріне орай күнделікті сабақ тапсырмаларын дайындау, оқу жетістіктерін бағалау критерийлері ұжымындағы моральды-психологиялық ахуалды бақылау және реттеу, дарынды оқушыны қолдау, өзара қарым-қатынастар жүйесі және бірлескен іс-әрекеттерді басқару, ата-аналармен жұмыс, т.б. іс-әрекеттерді қамтиды.

Қазіргі білім беру саласындағы ең маңызды міндеттердің бірі – қабілеті жоғары, дарынды балаларды анықтап, оларға қолдау жасау арқылы еліміздің интеллектуалды әлеуетін арттыруға үлес қосу. Білім беру жағдайында дарынды балаларды оқыту және оларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мәселесі өзекті болып отыр.

Осыған байланысты, бұл авторлық бағдарламада инклюзивті білім беру жағдайында, дарынды балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау стратегиялары ұсынылады.

Стратегия – нәтижеге бағдарланған тиімді әдістер мен тәсілдердің жиынтығы.

Сүйемелдеу – бұл бір реттік көмек емес, баланы ұзақ мерзімді қолдау, оның негізі мәселелерін шешудің тиімді нұсқасын таңдауға бағытталған нақты іс-шаралар кешені. Сондықтан, бұл бағдарламада сүйемелдеуді баланың табысты дамуына жағдай жасауға бағытталған қызмет жүйесі ретінде қарастырамыз.

Білім беру жағдайында дарынды балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің стратегиясы мыналарды ескереді:

- білім беру ұйымының дарынды балалардың даму деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруы;

- балалар ұжымында және ата-аналар арасында эмоционалды қолайлы климат құру мәселелері;

- жеке-топтық сабақтарда қолдау, дамыту бағытындағы бағдарламаларды іске асыру ерекшелігі.

Дарынды балалармен дамытушылық жұмыстың негізгі бағыттары топтық және жеке рефлексияны ұйымдастыру, оқушылардың өзін-өзі таныстыру, интроспекция, өзін-өзі бақылау, еңбекті ұйымдастыру, жоспарлау, тиімді қарым-қатынас, топтық тренингтер және т.б. тәсілдерін игеруге бағытталған. Оқытудың мұндай ерекшеліктері баланың жеке даму траекториясын тиімді жоспарлауға және нәтижеге бағдарлауға оң ықпал етеді.

Дарынды балалармен жұмыс жасау мұғалімдер мен педагог-психологтардың ерекше дайындығын қажет етеді. В.С.Юркевич: «Педагог дарынды балалармен жұмыс жасауды не үшін таңдайтынына сипаттама жасайды, өйткені дарындылықтың жарқын танымдық қызығушылықтары, өзін-өзі жүзеге асырудың жоғары қажеттілігі, ерекше эмоционалды сезімталдық және т.б. көріністері белгілі бір дәрежеде оларды қолдау барысында мұғалім кәсібилігін шыңдайды».

Мектеп қауымдастығында инклюзивті білім беру жағдайында, дарынды балаларды қолдауға қатысты белгілі бір психологиялық көзқарасты қалыптастыру арқылы әр оқушының бірегейлігі, оның қабілеттерінің

құндылығы туралы идеяларды қолдайтын және дамытатын психологиялық ортаны ұйымдастыру маңызды.

Бағдарлама нәтижелері әрбір дарынды оқушыға жеке және сараланған қатынасты қалыптастыруға, ата-аналармен және жалпы қоғаммен ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ, материалдық-техникалық базаны жақсартуды қоса алғанда инклюзивті білім беру жағдайында дарынды балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін одан әрі жетілдіруге арналады. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу маман мен оқушылардың жеке дамуына жағдай жасауға, қажетті құзыреттерді қалыптастыруға және күрделі өмірде қолдауға бағытталған өзара әрекеттесу процесі ретінде анықталады.

Қоғамдағыдарынды балаларды оқыту жетістіктері: оның адамгершілігін, әлеуметтік-экономикалық дамудың жоғары деңгейін, елдегі адами капиталды пайдаланудың тиімділігін көрсетеді.

Ұсынылып отырған «Инклюзивті білім беру жағдайында дарынды балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау стратегиялары» біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы осы міндеттерді шешуге бағдарланған.

2. ГЛОССАРИЙ

Адаптация – орта біртіндеп бейімделу.

Ақыл ой сезімдері – ойлау іс әрекетінен туатын сезімдер (таң қалу әуестік сенімділік және шұбалану сезімдері).

Ассоциативті ойлау – бұл біз затты екінші затпен ассоциация жасау негізінде орындалатын ойлау қабілетінің бір түрі.

Әдіс (Метод; грек. *metodos* -теория, ілім, зерттеу жолы) – бұл белгілі бір мәселені шешу немесе белгілі бір мақсатқа жету үшін жасалуы керек ұтымды әрекеттер жиынтығы.

Әдістеме – бұл адамның теориялық және практикалық қызметін ұйымдастыру туралы ілім.

Әңгіме – екі немесе одан да көп адам арасындағы интерактивті, стихиялы қарым-қатынастың бір түрі. Әдетте, әңгіме сөйлеу қарым-қатынасы кезінде өтеді.

Әңгімелесу әдісі педагогикалық зерттеу әдісі бойынша зерттеу мақсаттарына сай жүргізіледі. Әңгімелердің барысы, мазмұны толық баяндалады, қорытындысы жасалады.

Байқау – тікелей зерттелетін құбылыстарды объектіні мақсатты нақты қабылдау.

Байқағыштық – бұл заттар мен құбылыстардағы маңызды, қызықты және құнды белгілер мен ерекшеліктерді кез-келген тұрғыдан байқау мүмкіндігі, бірақ айтарлықтай байқалмайды, сондықтан көптеген адамдардың назарынан тыс қалады.

Вундеркинд – (нем. *ғажайып бала*)-ерекше дарындылық танытқан балаларды сипаттау үшін XVIII-XIX ғасырларда қолданылған термин (мысалы, В.-А. Моцарт). Қазіргі уақытта ол күнделікті өмірде қолданылады.

Дарындылық – кез-келген адамның әлеуетті жоғары қабілеттері. Б. М. Теплов дарындылықты «белгілі бір қызметті жүзеге асыруда үлкен немесе кіші жетістікке жету мүмкіндігі тәуелді болатын қабілеттердің сапалы үйлесімі» деп анықтады.

Даралық – адамның бірегейлігі, бірегейлігі, бір адамды екіншісінен ажырататын адамның психикалық қасиеттерінің иерархиялық ұйымдастырылуының терең деңгейі (Б.Г. Ананьев).

Дарынды бала немесе вундеркинд – (одан. Wunderkind, сөзбе-сөз-керемет бала) - білім беру жүйесі өз жасындағы басқа балалардың интеллектуалды даму деңгейінен жоғары деп танылған бала.

Интеллектуалды – бұл сөздің қарапайым мағынасында үлкен эрудициясы мен мәдениеті жоғары адам. Психометрикада-тестілеу нәтижелері бойынша интеллекттің жоғары немесе өте жоғары деңгейіне ие адам.

Инстинкт – мінез құлықтың адам дүниеге келгенде бітетін формасы белгілі ынтаға жауап ретінде мақсатқа сәйкес іс-әрекет жасау қабілеті.

Инсайт – кез-келген мәселенің шешімін кенеттен саналы түрде табу, ұзақ уақыт бойы бейсаналық ойлау қызметінен туындады (эвриканы қараңыз). Психотерапияда инсайт адамның өз жағдайының немесе проблемасының себептері туралы түсінігі мен катарсисімен бірге жүретіндігін білдіреді.

Интероривация – сыртқы іс әрекеттен заттардың бейнелері және олар туралы ұғымдар арқылы іштей орындалатын іс әрекетке көшу процесі.

Индивидуалдылық – бұл өздігінен дамитын және өздігінен реттелетін автономдық ерекше және қайталанбайтын биоәлеуметтік жүйе.

Гендер – (ағылшынша жынысы, «түр» тұқымдасынан) - маскулинизм мен феминизмге байланысты сипаттамалар жиынтығы. Контекстке байланысты мұндай сипаттамалар әлеуметтік құрылымдарды (атап айтқанда, гендерлік және басқа әлеуметтік рөлдерді) немесе гендерлік сәйкестікті қамтуы мүмкін.

Консультация – ағылшын тілінен аударғанда «консалтинг» дегеніміз - {textend} кеңес беру.

Рефлексиялық позиция – бұл дегеніміз субъектің өзіне және өзінің санасына назар аударуды, атап айтқанда, өзінің жеке белсенді өнімдеріне, және соның барлығына кішкене де болса қайта қарастыруды білдіреді.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу – педагогтер мен мамандардың жүйелі ұйымдастырылған қызметі, оның барысында баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметтікпсихологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалады;

Тәрбиелеу – бұл ересек өмірде олардың сау дамуы үшін балаларды оқыту, қорғау және оларға қамқорлық жасау процесі.

Тесттер – (ағылш. test-сынау, сынама) – жүйені әр түрлі жағдайларға орналастыру және ондағы бақыланатын өзгерістерді қадағалау арқылы жүйенің қызметінің терең процестерін зерттеу әдісі.

Эксперимент (лат. Experimentum – гипотезаны немесе теорияны қолдау, жоққа шығару немесе растау үшін орындалатын процедура. Тәжірибелер мақсаттары мен масштабтары бойынша айтарлықтай өзгеруі мүмкін, әдетте қайталанатын процедураға және нәтижелерді логикалық талдауға сүйенеді.

Эмоциялар – психикалық процесс. Бар немесе мүмкін жағдайларға және объективті әлемге субъективті бағалау қатынасын көрсететін психикалық процестер мен күйлердің ерекше тобы.

3. Бағдарламаның тақырыбы

№	мазмұны	сағат саны		
1	2	3	4	5
		Дәріс	Тәжір.	ТӨЖ
1 модуль: дарынды баламен жұмыстың психологиялық-педагогикалық мазмұны				
1	Дарынды баланың тұлғалық-психологиялық ерекшеліктері: даму әлеуетін зерделеу (Л.С. Выготский бойынша).	2	2	2
2	Дж.Рензулли концепциясы негізінде, дарындылық бағыттарын анықтау.	2	2	2
3	Дарындылық құрылымындағы шығармашылық пен интеллект.	2	2	2
4	Дарынды баланы дамытушы психологиялық орта ұйымдастыру: эмоционалды сезімталдық шеңберінде (В.С. Юркевич бойынша).	2	2	2
5	Дарынды балаларды дамыту қызметінің негізгі бағыттары: уақытты жоспарлау, еңбек әрекетін ұйымдастыру, тиімді қарым-қатынас, топтық тренингтер, интроспекция, өзін-өзі бақылау т.б.	2	4	2
6	Дарындылық тұжырымдамасы аясында психодиагностика-лық жұмыстар мазмұны.	2	4	2
7	Дарынды балаларды психологиялық қолдау , білім сапасын арттыру шарты.	2	2	2
1-модуль бойынша сағат саны		4	18	14
Барлығы		46 сағ.		
II модуль: дарынды баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу стратегиялары				
8	Дарынды баланың ерекше білім қажеттілігін анықтау: жеке жұмыс жоспарын құру әдістемесі.	2	4	4
9	Дарынды баланы сабақ үстінде қолдау мазмұны.	2	2	2
10	Дарынды баланың ата-анасымен жұмыс: психологиялық кеңес беру.	2	2	2
11	Білім беру жүйесінде дарынды балаларды кәсіби сүйемелдеу үрдісіне психолог даярлығы.	2	2	2
12	Тыңдаушылардың қорытынды аттестациясы.			6

2-модуль бойынша сағат саны	8	10	16
Барлығы	34 сағ.		
Курстың жалпы сағаттарының саны	22	28	30

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Курстың мақсаты. Білім беру ұйымдарының педагог-психологтары, ассистент-педагогтарының инклюзивті білім беру жағдайында, дарынды балаларды сүйемелдеу стратегияларының меңгеруін қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- дарынды балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі мазмұнын ашу;
- білім беру ұйымдарында дарынды балаларды дамыту, олардың сапалы білім алуына жағдай жасау;
- дарынды балаларды педагогикалық-психологиялық сүйемелдеудің жеке бағдарламасын жасауды меңгерту;
- дарынды балалардың тұлғалық және зияткерлік дамуына, өзін-өзі дамыту және кәсіби өзін-өзі анықтау қабілетін қалыптастыруға жәрдемдесу;
- оқу үрдісінде психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен тәсілдерін анықтау.

Курсты оқыту барысында қолданылатын әдістер: дискуссия, эвристикалық әңгіме, интерактивті сұхбат, «ассоциограмма» әдісі, рефлексия, тренингтік тәсілдер, қызығушылықты ояту, кейс-стади, Блум таксономиясы, болжау стратегиясы сыни тұрғыдан ойлау, бақылау әдісі, іскерлік ойындар, психологиялық көмек, рөлдік ойындар, тренингтік жаттығулар, мәселе шешу әдісі, синквейн, рефлексия.

Күтілетін нәтиже: дарынды балаларды қолдау стратегиясы негізінде психолог-педагогтің рөлін анықтау; оқытудың тұжырымдамалық модельдері мен бағдарламаларын меңгеру; тыңдаушылардың даму нәтижелерін салыстыру; дарынды балалармен жұмыс жасайтын мамандардың біліктілігін арттыру; заманауи әдістермен қаруланған педагог-психологтардың білімін жетілдіру.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ТАҚЫРЫБЫ

Тақырып 1. Дарынды баланың тұлғалық-психологиялық ерекшеліктері: даму әлеуетін зерделеу (Л.С. Выготский бойынша).

Дарынды балалардың жеке ерекшеліктері, даму әлеуетін зерттеудің принциптері мен тәсілдері, проксимальді даму аймағы (ПЗР) ұғымы; дарынды балалардың интеллектуалды және шығармашылық ерекшеліктерін анықтау мен бағалау, баланың тұлғалығын дамыту және тәжірибелі серіктестермен өзара әрекеттесуі, ынталандырушы білім беру ортасын құру, балалардың әлеуетін зерттеу контекстінде олардың әлеуметтік-эмоционалды дамуын қолдауды көздейді.

«Жақын арадағы даму» теориясын талдау, тұлғаның қасиеттері, психологиялық даму ерекшеліктер, әлеуметтік ортаның дарындылыққа әсері, жеке басының дамуы және оның проблемалары, тұлғалық – бағдарлы оқыту технологиясының тиімді жақтарын қарастыру, «дарынды балалар іс-әрекетіндегі шығармашылық қасиеттерді анықтау, баланың ой белсенділігі, интеллектісінің дамуы, логикалық жаттығулар.

Сабақтар нәтижесіндегі шығармашылық ізденістерді зерделеу, дарынды баланың әлеуметтік-психологиялық портреті, арнайы білім беру қажеттіліктері: дарынды балалардың әлеуетін арттыру үшін олардың қажеттіліктеріне бейімделген қолайлы білім беру бағдарламалары мен әдістерін жасау.

Оқушылардың танымдық қабілетін дамыту үшін тәжірибелік дағдыларын енгізу мен қолдану, алынған нәтижелерге мониторинг жүргізіп, ұсыныстар беру, жұмыс барысында пайда болған өзекті мәселелерді анықтау, шешу жолдарын қарастыру, мұғалімнің даму жоспарына енгізу, дарынды баланың өз іс-әрекетін, білімге деген құштарлығын, бойындағы жоғары қасиеттерін анықтау.

Отбасылық және психологиялық қолдау: дарынды балаларды дамыту мен қолдаудағы отбасының, педагогтар мен психологтардың рөлі, олардың әлеуетін дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға жағдай жасау керек.

Дарынды баланы дамыту, тұлғалық ерекшеліктері және оның көріну сипаты, Л.С.Выготскийдың дарынды баланың даму әлеуетін қарастыруы, балалардағы тұлғалық-психологиялық даму мәселелерін теориялық тұрғыдан шолу, дамыта оқыту жағдайында баланың тұлғалық-психологиялық ерекшеліктерін дамытудың міндеттері, мәселелері мен қабілетін анықтау және теориялық тұрғыдан қарастыру.

Тақырып 2. Дж.Рензулли концепциясы негізінде, дарындылық бағыттарын анықтау.

Д.Ж.Рензуллидің дарындылық бағыттары туралы тұжырымдамасына кіріспе; дарындылықтың негізгі бағыттарына шолу: интеллектуалды, шығармашылық, көшбасшылық және көркемдік стильдер; тұжырымдамадағы дарындылықты анықтауға арналған критерийлер, тұлғаның әртүрлі бағыттары арасындағы байланысты талқылау; дарындылықты дамыту мен қолдаудағы білім беру жүйесінің рөлі, дараланған білім беру бағдарламаларын тиімді әзірлеу үшін дарындылық бағыттарын диагностикалау мен бағалаудың маңыздылығы; Д.Ж. Рензулли тұжырымдамасына негізделген дарындылықты дамыту стратегиялары, синергетика концепциясын қолдау, дамытудағы отбасы және қоғамның рөлі, дарындылық бағыттарын зерттеудегі қиындықтар мен перспективалар мен креативті қабілет мүмкіндіктерін айқындай алады.

Интеллектуалды қабілеттер: когнитивті функцияларды, аналитикалық дағдыларды, абстрактілі ойлау және логикалық қорытынды жасау, ақыл-ой қабілеттерін талдау; әлеуметтік-эмоционалды дарындылық: эмоционалды интеллекті, эмпатия қабілетін, көшбасшылықты, басқалармен қарым-қатынас жасау қабілетін зерттеу.

Әлеуметтік-эмоционалды дарындылық: эмпатия қабілетін, көшбасшылықты, басқалармен қарым-қатынас жасау қабілетін зерттеу.

Талант пен дарындылықты түсінудің негізгі тұжырымдамалары; Үш сақиналы дарындылық моделі, гуманистік «потенциал» термині бойынша интеллектуалды тесттер, дарындылықтың басқа да концепцияларын анықтау.

Шет елдерде дарындылық мәселесін зерттеу тарихы, Дж.Рензулли концепциясы, дарындылық бағыттары негізінде «адам әлеуеті» тұжырымдамасы, әлеуметтік дарындылық бағыттарын анықтау жолдары; шет ел ғалымдарының дарындылық бағыттарын анықтаудағы қосқан үлестерін іске асыруға дайындығын қалыптастыру.

Тақыры 3. Дарындылық құрылымындағы шығармашылық пен интеллект.

Дарындылық құрылымына кіріспе: шығармашылық пен интеллекттің рөлі, балалардың интеллектуалды ерекшеліктері: анықтау және бағалау, өзара әрекеттесу және бір-біріне әсер ету, дағдыларды дамыту: стратегиялар мен тәсілдер; табыс пен өзін-өзі жүзеге асыру факторы ретінде шығармашылық әлеуеттің үйлесімі, дарынды адамдарда интеллектті қабылдау мен көрсетудегі жеке айырмашылықтар. Инновация және интеллектуалды жетістіктер: ғылым, өнер, технология және басқа салалардағы жетістіктер контекстінде шығармашылықтың интеллектпен байланысын зерттеу, зияткерлік қабілеттерді дамытудағы міндеттердің, ойындардың, жаттығулардың және әдістердің рөлін талдау, логика және дерексіз ойлау аспектілерін бағалау.

Талант құрылымындағы интеллект, қабілеттердің құрылымы, метафоралық түсініктердің сипаттамасы, символдық, ассоциативті ойлауға бейімділік, қарапайым күрделі нәрсені көру қабілеті, ақпаратты талдау негізінде білу, үйрену, логикалық ойлау, жүйелеу, анықтай отырып, ондағы байланыстар, заңдылықтар мен айырмашылықтарды табу, Д.Векслер бойынша интеллекттің даму деңгейінің сапалы классификациясы, рационалдылық әдістердің жаңа формасын қолдану.

«Шығармашылық» және «интеллект» ұғымдарына шолу, балалардың шығармашылық дарындылығын дамыту, дарынды балалардағы шығармашылық пен интеллектті дамытудағы мұғалімнің рөлі; «Шығармашылық», «интеллект» ұғымының ғылыми әдебиеттердегі сипаттамасы, тәжірибелі педагогтердің жұмыстарынан балаларды шығармашылыққа үйрету жолдары, интеллектті дамытудың педагогикалық-психологиялық негіздері, дарындылық құрылымындағы шығармашылық пен интеллект ерекшеліктерінің әдістемелік негіздерін зерттейтін жаңашылдықты және мәселелерді шешуді қамтиды.

Тақырып 4. Дарынды баланы дамытушы психологиялық орта ұйымдастыру: эмоционалды сезімталдық шеңберінде (В.С. Юркевич бойынша).

В.С. Юркевичтің эмоционалды сезімталдық тұжырымдамасы бойынша дарынды баланың психологиялық ортасын ұйымдастыру; тұлғаның эмоцияларын білдіруі және өңдеу үшін қолдау, түсіну ортасын құру; эмоционалды негізінде дарынды балаларда жан-жақтылық пен тереңдікті дамыту стратегиялары; әр түрлі дарындылықтағы сезімталдықтың жеке

ерекшеліктері және олармен жұмыс істеу тәсілдерін дамыту үшін жағдай жасауға үйренеді.

Эмоционалды дамытудағы мұғалім мен ата-ананың рөлі; балаларды қолдау негізінде өзін-өзі реттеу, дамыту, сүйемелдеу; психологиялық ортаны құрудағы қиындықтар мен перспективалар.

Дарынды балалардың эмоционалды сезімталдығын түсіну, бала үшін педагогикалық-психологиялық қауіпсіз ортаны құру әдістері; интеллигенцияны дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар, оқу бағдарламасын дарынды балалардың эмоционалды қажеттіліктеріне бейімдеу, икемді оқу құрылымын құру, құрдастарымен және ересектермен өзара әрекеттесу, әлеуметтік оқшаулану мен стресстік жағдайлардың алдын алу; өзін-өзі реттеу дағдыларын үйрету.

Ата-аналарды дарынды балалардың эмоционалды қажеттіліктерін қабылдауға және қолдауға үйрету, сезімтал дарынды оқушылармен жұмыс жасауда мұғалімдердің кәсіби қолдауы, психологиялық қауіпсіздік және оның дарынды балалар үшін маңызы, дарынды балалардағы эмоционалды реакциялардың ерекшеліктері, әлеуметтік интеллигенцияны дамыту, интеллектуалды дамуын бақылау және бағалау жүйелері, тұлға бойындағы шығармашылық дағдыларды дамыту, дарынды балаларға психологиялық көмек, отбасылар мен мұғалімдерге кеңес беру.

Тақырып 5. Дарынды балаларды дамыту қызметінің негізгі бағыттары: уақытты жоспарлау, еңбек әрекетін ұйымдастыру, тиімді қарым-қатынас, топтық тренингтер, интроспекция, өзін-өзі бақылау т.б.

Баланың психологиялық кедергілерін жоюға мүмкіндік беретін тренингтік әдістерді пайдалану, болашақтағы даму мүмкіндігі арқылы бағалау, жұмыс нәтижесін талдау, бақылау, әңгімелеу; мұғалімдер мен ата-аналардың сипаттамалық бағдарлары, дарынды балаларды дамыту үшін уақытты жоспарлау және іс-шараларды ұйымдастыру, еңбек қызметінің рөлі және тиімді қарым-қатынас: стратегиялар, әдіснамасын жоспарлау; балалардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға арналған топтық тренингтер мен жобалар, жеке тұлғалығын дамыту құралы ретінде интроспекция және өзін-өзі бақылау, эмоционалды интеллектті дамыту: тәсілдер мен тәжірибелер.

Мамандар мен ата-аналардың рөлі, дамыту үшін технологиялар мен онлайн ресурстарды пайдалану: артықшылықтары мен шектеулері, балаларды дамытуға жеке көзқарас, ықпал ететін негізгі қызмет бағыттарын жоспарлау, еңбек қызметін ұйымдастыру; топтық тренингтерді, интроспекцияны, өзін-өзі бақылауды және басқа аспектілерді қамтитын стратегиялар мен әдістерді ұсыну.

Білім беру мүмкіндіктерін барынша арттыру үшін уақытты тиімді пайдалану, ынталандырушы білім беру ортасын құру, жоғары дарынды оқушыларды қолдау үшін оқытудың инновациялық әдістерін қолдану, дарынды балалар арасында коммуникативтік дағдыларды дамыту, қолдау көрсететін білім беру желісін құру үшін мұғалімдермен, ата-аналармен және басқа

оқушылармен өзара әрекеттесу; тәжірибе мен идеялармен алмасу үшін мамандандырылған топтарды ұйымдастыру.

Дарынды балалардың әлеуметтік интеграциясына ықпал ететін іс-шаралар өткізу, интроспекция және өзін-өзі бақылау, үнемі жетілдіру үшін өзін-өзі көрсету дағдыларын дамыту, стресстік жағдайларда өзін-өзі реттеу және бақылау стратегияларын үйрету; білім беру процесінде технологияларды қолдану, дарынды балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін заманауи білім беру технологияларын интеграциялау.

Ақпараттық ресурстармен және онлайн-оқытумен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, дарынды балаларды тәрбиелеудің тиімді стратегияларын үйрету, тәжірибе алмасу және қолдау үшін ата-аналар қауымдастығын құру, жеке қажеттіліктерін есепке алу үшін икемді кесте әзірлеу; әрбір дарынды бала үшін дербестендірілген білім беру жоспарларын әзірлеу; оқу материалын оқушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарының деңгейіне сәйкес бейімдеу.

Инклюзивті балалардың эмоционалды әл-ауқатын қолдау үшін психологтардың кеңестеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету, стресске төзімділік және позитивті мотивацияны дамыту бойынша жұмыс, дарынды оқушылардың ерекшеліктерін ескеретін бағалау жүйесін әзірлеу; одан әрі өсу мен дамуды ынталандыру үшін сындарлы кері байланыс беру.

Тақырып 6. Дарындылық тұжырымдамасы аясында психодиагностикалық жұмыстар мазмұны.

Дарындылық тұжырымдамасы аясында психодиагностика жүрізу, зерттеудің мақсаты: таңдалған қатысушылардың интеллектуалды, шығармашылық және әлеуметтік- деңгейін анықтау, психолог ғалымдардың еңбектеріндегі дарындылық мәселесі; оқушы дарындылығын анықтайтын психодиагностикалық әдістемелердің тиімділігі, тұлғаның шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру, баланы қолдаудағы диагностикалауда жүргізілетін бағыттар, мұғалімнің жұмыс жасаудағы «субъект-субъект» парадигмасының орындалуы; оқушылармен нәтижелі жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби «бейнесі»; интеллектуалды дарындылық деңгейін анықтау бойынша «WAIS-IV» секілді интеллект тестілерін қолдану.

Тұлғаның интеллектуалды әлеуеті мен қабілеттерін анықтау: стандартталған тесттер мен тапсырмаларды қолдану, шығармашылық ойлау тесттерін қолдану мен жобаларды бағалау, дарынды балалардың мотивациясы мен қызығушылықтарын талдау: әңгімелесу, сауалнама жүргізу және бақылау, эмоционалды сезімталдық пен эмоционалды интеллектті анықтау: сауалнамалар мен проективті әдістерді қолдану.

Балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуын бағалау: сұхбат жүргізу, социометриялық деректерді бақылау және талдау; көшбасшылық қабілеттері мен ұйымдастырушылық дағдыларын зерттеу: ойын жағдайлары мен рөлдік ойындарды өткізу, қарым-қатынас дағдылары мен ұжымдық жұмыс қабілеттерін талдау: топтық жағдайларда бақылау және кері байланысты талдау, өзін-өзі реттеу мен дамуын бағалау.

Дарындылықты анықтау: интеллект, шығармашылық, таланттар мен қабілеттер деңгейін бағалау; когнитивті тестілеу: дерексіз ойлауды, аналитикалық дағдыларды және басқа когнитивті процестерді өлшеу үшін психометриялық әдістерді қолдану, эмоционалды және әлеуметтік диагностика: эмпатия деңгейін, басқалармен қарым-қатынас жасау қабілетін, дағдыларын бағалау; мотивация мен күш-жігерді сынау: мақсаттарға жету үшін мотивация деңгейін, міндеттерді шешуге және жетістікке жетуге жұмсалған энергияны өлшеу, оқыту және бейімделу ерекшеліктерін бағалау: оқу ерекшеліктерін, артықшылықтарды, өзін-өзі реттеу және жаңа жағдайларға бейімделу қабілеттерін анықтау.

Критерийлерді зерттеу, интеллектуалды қабілеттерді өлшеу үшін тесттер мен әдістерді қолдану; диагностикалық әдістерді әртүрлі білім беру және әлеуметтік тәжірибелерге енгізу тәжірибесі; заманауи теориялармен мен тұжырымдамаларды талдау; дарынды балалардың интеллектуалды профильдерін салыстырмалы түрде қарастыру, арнайы тесттер мен әдістерді қолдана отырып, шығармашылық қабілеттерін бағалау.

Дарынды тұлғалардың көшбасшылық қасиеттерін және әлеуметтік бейімделуін бағалау, психодиагностикаға көп өлшемді көзқарас, аспектілерін толық қамту үшін әртүрлі әдістерді біріктіру, тұлға дарындылығының түрлері арасындағы қатынастарды талдау.

Психодиагностикасындағы проблемаларды қарастыру, дарындылықты анықтаудағы қиындықтарды көрсету, ықтимал кедергілерді жеңу стратегияларын әзірлеу, потенциалды бағалауға жеке көзқарасты дамыту, балалардың жеке ерекшеліктерін ескеретін дарындылықты бағалау әдістерін әзірлеу, дарындылық психодиагностикасының практикалық аспектілері, психодиагностикаға арналған практикалық құралдарды әзірлеу және сынақтан өткізу.

Тақырып 7. Дарынды балаларды психологиялық қолдау – білім сапасын арттыру шарты.

Дарынды оқушының жұмысын жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал ету, балалармен жұмыс жасаудағы арнайы бағдарламалар, жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген әлем бейнесі туралы түсініктердің сапалы жоғары деңгейі, қабілетінің дамуындағы психологтың рөлі, ғылыми теориялық мазмұны, білім беру ортасындағы балаларды психологиялық бейімдеу және қолдау: стратегиялар мен әдістер; жеке тұлғадағы эмоционалды интеллекттің дамуы және оның оқу мен әлеуметтік бейімделуге әсері, шамадан тыс жүктеме мен стрессті психологиялық сүйемелдеу және қолдау, мотивация мен өзін-өзі реттеуді ынталандыру: психологиялық қолдаудың рөлі; балалардағы перфекционизммен психологиялық жұмыс, әлеуметтік дағдылар мен қарым-қатынасты дамыту: психологиялық тәсіл; шығармашылық пен өзін-өзі дамытудағы психологиялық қолдау, өзін-өзі бағалау және өзіне деген сенімділікпен жұмыс: психологиялық аспект, дарынды балалармен орын алатын жанжалдарды шешуге, басқаруға психологиялық көмек, балалардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін дамыту, консультациялық, дамытушылық, жұмыстардың нысандары мен әдістерін айқындау.

Жеке білім беру бағдарламаларын құру: дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың деңгейі мен қажеттіліктеріне бейімделген бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру; эмоционалды және әлеуметтік әл-ауқатты дамыту: көңіл-күй тұрақтылықтылығын қалыптастыру, психологиялық денсаулықты нығайту бойынша іс-шаралар өткізу, ата-аналармен және педагогтармен жұмыс: ата-аналар мен мұғалімдерді дарынды балаларды тиімді қолдау әдістеріне үйрету, стресс және шамадан тыс жүктеме кезеңіндегі психологиялық қолдау: стрессті басқаруға көмектесу, оқу немесе эмоционалды жүктеме кезеңдеріндегі қолдау көрсету.

Дарынды балаларды дәл анықтау және олардың қажеттіліктерін түсіну әдістері мен құралдарын әзірлеу, психологиялық қолдау және әлеуметтік-эмоционалды әл-ауқат; дараланған білім беру бағдарламалары: дарынды балалардың бірегей қабілеттері мен оқу қарқынына бейімделген жекелендірілген оқу бағдарламаларын құру, дарынды балалардың эмоционалды жағдайын, соның ішінде мотивация, стресс, бейімделу және қарым-қатынас мәселелерін қолдау стратегияларын әзірлеу.

Шығармашылық ойлау мен зияткерлік әлеуетті дамыту, ата-аналармен және білім беру мекемелерімен ынтымақтастық, оңтайлы орта құру және дарынды балаларға қолдау көрсету үшін мектептер, тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы серіктестіктің маңыздылығы, дарынды балалардың қабілеттерін оқыту және дамыту үшін заманауи технологияларды қолданудың тиімді әдістерін зерттеу.

Балалардың қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес келетін оқу бағдарламалары мен материалдарын жасау және өзгерту, этика мәселелерін және балалардың дамуына әлеуметтік ортаның әсерін қарастыру, ерекше қабілеттері мен жетістіктерін ескере отырып, олардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа әдістерін әзірлеу, дарынды балалармен жұмыс істеу үшін мұғалімдер мен психологтарды оқыту, соның ішінде тәжірибе алмасу және үздік тәжірибелерді беру.

Дарынды жастрадың білім беру тәжірибесі мен жетістіктерін жақсарту үшін ынталандырудың нақты әдістерін зерттеу, стрессті басқару және дарынды балаларға жоғары үміттерге байланысты қиындықтарды жеңуге көмектесу стратегияларын әзірлеу. Жеке қажеттіліктерін ескеретін психологиялық стратегияларды әзірлеу және бейімдеу, психикалық денсаулық және эмоционалды тұрақтылық: интеллект деңгейі мен психологиялық әл-ауқат арасындағы байланысты, соның ішінде эмоционалды қолдауды зерттеу, өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі түсінуді дамыту.

Оқыту мен дамытудың арнайы әдістері: дарынды балалар үшін арнайы жасалған әртүрлі педагогикалық әдістердің тиімділігін зерттеу, сыни ойлау және проблемаларды шешуге аналитикалық көзқарас қабілетін дамытатын бағдарламаларды анықтау.

Тақырып 8. Дарынды баланың ерекше білім қажеттілігін анықтау: жеке жұмыс жоспарын құру әдістемесі.

Білім беру бағдарламасын таңдау, әзірлеу және іске асыру, субъектінің ұстанымын қамтамасыз ететін сараланған жеке жұмыс жоспарын құру, баланың даралығын сәтті дамыту үшін мектепте психологиялық жайлы жағдай жасау, оқушының жеке даму жоспарындағы маңызды педагогикалық міндеттерді шешуге көмек көрсету.

Оқушылардың жоғары оқу мотивациясын қолдау; олардың белсенділігі мен тәуелсіздігін көтермелеу, оқу және өзін-өзі оқыту мүмкіндіктерін кеңейту, балалардың рефлексивті және бағалау іс-әрекетінің дағдыларын дамыту, оқу қабілетін қалыптастыру; мақсат қою, өз іс-әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру, мектеп оқушыларының тәрбиесі мен білімін дараландыруға жәрдемдесу.

Дарынды оқушылармен қосымша сабақтар жүргізу, мектеп және қалалық олимпиадаларға қатыстыру; психологиялық кеңес беру, тренингтер, тестілеу; конкурстар, зияткерлік ойындар, фестивальдар, спорттық жарыстар; қабілеттері бойынша пәндік және шығармашылық үйірмелерге, қызығушылықтары бойынша спорт секцияларына бару қазіргі заманғы ақпарат құралдарын пайдалану.

Жеке жұмысты жүргізу барысында «Дарындылық картасы», «Оқу мотивациясы» сауалнама, «Қызығушылықтар картасы», социометрия (Дж. Морено) әдістерін қолдану.

Оқыту мен дамытудың тиімді әдістері; дарынды балалардың жеке қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес келетін оқыту әдістерін әзірлеу, жеке жұмыс жоспарын құру кезінде интеллектуалды ғана емес, эмоционалды қажеттіліктерін де ескеруге қажет стратегиялар кешені, дарынды балалардың жеке білім беру қажеттіліктерін қолдау үшін заманауи технологияларды біріктіру, жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін жеке оқу жоспарларын бағалау және түзету.

Таланттар мен қабілеттерді анықтау: баланың дарындылық деңгейін анықтау әдістері (тестілеу, бақылау, сұхбат және өзін-өзі бағалау) стандартты бағдарламалар негізінде жеке оқу жоспарларын әзірлеу, оқу бағдарламалары мен сабақтан тыс сабақтар арқылы онлайн курстарды, тәлімгерлікті және т. б. қоса алғанда, қосымша білім беру ресурстарын пайдалану.

Потенциалды бағалау әдістері: дарынды балаларды анықтауға көмектесетін әдістер мен тесттер; жеке оқу жоспарларын дарынды баланың ерекше қабілеттерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып құру; арнайы білім беру стратегияларының дарынды балаларды оқытуда тиімділігі, ата-аналармен және білім беру институттарымен ынтымақтастық; бағалау және бақылау, психологиялық қолдау және әлеуметтік бейімделу, психологиялық әл-ауқаты мен әлеуметтік бейімделуін нығайту үшін қолдау шаралары.

Тақырып 9. Дарынды баланы сабақ үстінде қолдау мазмұны.

Дарынды балалардың қабілеттерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін анықтау және бағалау, оқытуды даралау: даму деңгейіне сәйкес оқу бағдарламасы мен әдістерін бейімдеу, оқу материалын кеңейту және тереңдету, шығармашылық, аналитикалық дағдыларын дамыту, күрделі, терең

тапсырмалар мен материалдарды, практикалық тапсырмаларды ұсыну, өзіндік жұмыс: дарынды баланы өз бетінше зерттеу жұмыстарында ынталандыру, қолдау, проблемаларды шешу, күрделі міндеттермен жұмыс жасау қабілетін дамыту; ынтымақтастық және тәжірибе алмасу, балалардың шабытын ынталандыру мақсатында өзге балалармен қарым-қатынас жасай алатын, ынтымақтасатын, пікір алмасатын орта құру.

Сараланған тәсіл: сабақ материалын деңгейі мен қызығушылығына қарай бейімдеу; шығармашылық қабілеттерді ынталандыруға және өзіндік идеяларды дамытуға бағытталған сабақтар, зерттелетін тақырыптардағы баланың білімін тереңдетуге және оларды егжей-тегжейлі дамытуға мүмкіндік беретін әдістер; білімді практикада қолдануға және қызығушылық тудыратын салаларды зерттеуге мүмкіндік беретін жобаларды жүргізу, өз бетінше оқыту дағдыларын дамыту: баланың қызығушылығының белгілі бір саласында мамандармен байланысу үшін ресурстар мен мүмкіндіктер беру, тапсырмаларды саралау: сыныптағы әр баланың қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін көп деңгейлі тапсырмаларды құру; коммуникативтік жобаларды құру: дарынды оқушылар арасында қарым-қатынасты, пікірталастарды және ұжымдық шығармашылықты ынталандыратын тапсырмалар жүргізу шарттары.

Зерттеу үшін қосымша материалдар, кітаптар, мақалалар немесе тапсырмалар консультациялар, қызығушылық тудыратын саладағы сарапшылармен немесе тәлімгерлермен кездесулер мен қарым-қатынастарды ұйымдастыру.

Шығармашылық жобалар мен тапсырмалар: иллюстрациялар жасау немесе жаңа идеяларды әзірлеу сияқты шығармашылыққа мүмкіндіктер беру, стандартты оқу бағдарламасынан тыс білімді тереңдететін қосымша сабақтарды ұйымдастыру, ақпаратты талдау, логикалық ойлау және күрделі мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға бағытталған жаттығуларды әзірлеу, топтық жобалар және ынтымақтастық: балалар бірлесіп жұмыс істей алатын және пікір алмасатын міндеттерді ұйымдастыру.

Тақырып 10. Дарынды баланың ата-анасымен жұмыс: психологиялық кеңес беру.

Психологтің ата-аналарға дарынды баланың қажеттіліктеріне ықпал ететін ортаны құруына көмектесуі, психологиялық кеңес беру мәселелері, баланы тәрбиелеудегі ата-аналардың негізгі қиындықтарын талдау, тиімді әдістер мен стратегияларды ұсыну;

отбасына қолайлы жағдай жасау мақсатында шығармашылық және танымдық әлеуетін қалыптастыру; балалар мен ата-аналар арасындағы қиындықтарды жеңуге кеңес беру, оқушылардың аналитикалық және логикалық ойлауын дамыту, балалардың эрудициясын қалыптастыру, ой-өрісін кеңейту.

Отбасының жеке психологиялық ресурстарын белсендіру арқылы психологиялық-консультациялық жұмыс, білімін арттыру (дәрістер, семинарлар, жеке консультациялар, практикумдар) жүргізу, ата-аналар үшін психологиялық қолдаудың маңыздылығын және балаларын жақсы түсінуге, қолдауға көмектесетін тиімді психологиялық кеңес беру.

Баланың дарындылығын дамытуда жеке дербес ерекшелігіне сәйкес бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалануына көмек көрсету, психодиагностикалық, психопро-филактикалық жұмыс жүргізу, ата-аналарға арналған әдістемелікті пайдалана отырып, көзқарасын анықтау.

Психологиялық қызмет аясында баланың іс-әрекетіне талдау жүргізу(арнайы ұйымдастырылған пәндік-ойындық сабақтарға қатыстыру, сәйкесінше түрлі іс-шараларға қатыстыру), дамытушылық ықпал ете отырып, баланың психологиялық «кедергілерін» жоюға мүмкіндік беретін тренингтік әдістерді пайдалану.

Тақырып 11. Білім беру жүйесінде дарынды балаларды кәсіби сүйемелдеу үрдісіне психолог даярлығы

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай балаларды кәсіби сүйемелдеу, кәсіби өзін-өзі анықтау мен бағытты қалыптастыруда білім алушыларға қарқынды, арнайы ықпал етуді талап етеді.

Кәсіби өзін-өзі анықтау өзін-өзі анықтаудың жалпы механизмінің жекелігі болып табылады. Психологтың дарынды балалармен жұмыс жасауға тән білімі мен дағдыларының болуы, ол үшін осы саладағы психологиялық құзыреттілікті кеңейтуге бағытталған арнайы курстардан немесе оқу бағдарламаларынан өту ұсынылады; психолог дарынды балалардың интеллектуалды даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін егжей-тегжейлі зерттеу; мәселелерді жақсы түсіну және олармен тиімді жұмыс жасау, білім беру жүйесінде дарынды балаларды психологиялық қолдау аспектісі.

Психологтың жоғары интеллектуалды қабілеттері мен таланттары бар балаларды ерекше қолдау; сүйемелдеудегі психологтың рөлі, дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу, таланттарын дамытуға психологиялық қолдау, көмек көрсету; отбасыларымен жұмыс жасау, білім беру мәселелері бойынша кеңес беру, қажеттіліктерін анықтау жеке қолдау бағдарламаларын әзірлеу, балаларды сүйемелдеу үшін психологтың білімі мен дағдылары, ата-аналармен және тәрбиешілермен жұмыс жасау дағдыларын дамыту, мақсат қою және әр баламен жеке жұмысты жоспарлау.

Оқу орындары туралы ақпарат жинау; кәсіби мерекелерге арналған тақырыптық буклеттер шығару; Таңдау бойынша курстар сабақтарында және тәрбие жұмысында қолданылатын кешенді және дәстүрлі емес нысандар мен әдістер есебінен бейіндік оқытудың вариативтілігін қамтамасыз ету.

Жоспарды іске асыру өңірде сұранысқа ие кәсіби кадрларды даярлауға бағытталған кәсіптік бағдарлау іс-шараларын өткізуге педагогтердің, жалпы білім беру мекемесі оқушыларының ата-аналарының, жұмыс берушілердің, халықты жұмыспен қамту орталығының қызметкерлерінің және өзге де мүдделі тұлғалардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

Еңбекке оң көзқарас қалыптастыру; Кәсіби қызметтің мазмұнын түсінуге, мамандыққа қойылатын талаптарды жеке қасиеттермен байланыстыруға, өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін талдауға үйрету; жеке тұлғаның қасиеттері мен мүмкіндіктерін білу және бағалау қажеттілігін қалыптастыру, оқушылардың қалауы, бейімділігі және мүмкіндіктері туралы деректер алу, мектептің жоғары

сатысының қосымша және кәсіптік білім беру мекемелерімен ынтымақтастығының икемді жүйесін әзірлеу.

Баланың бойындағы қандай да бір дарынды бағалауда жоғары санатты тәжірибелі мамандарды тарту (математиктер, филологтар, шахматистер, инженерлер және т.б.); баланың дарындылық белгісін оның психикалық дамуының нақты деңгейінде ғана емес, сондай-ақ оның болашақтағы даму мүмкіндігін де есепке ала отырып бағалау; оқушылар мен студенттерді мамандықтармен таныстыру, жеке білім беру траекториясын құру.

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Білім беру процесі курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

80 сағаттық курстың оқу үрдісін ұйымдастыру «Дарынды баламен жұмыстың психологиялық – педагогикалық мазмұны», «Дарынды баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу стратегиялары» деп аталатын 2 модульды қамтиды.

Сабақ түрлері оқытудың негізгі формалары – дәрістер мен практикалық сабақтардан тұратын аудиториялық оқу, тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары және өндіріс базасында өтетін көшпелі-тәжірибелік семинарлар (КТС) болып табылады.

Дарынды баланың тұлғалық-психологиялық ерекшеліктері: даму әлеуетін зерделеу, Дж. Рензулли концепциясы негізінде, дарындылық бағыттарын анықтау, дарынды баланы дамытушы психологиялық орта ұйымдастыру: эмоционалды сезімталдық шеңберінде (В.С. Юркевич бойынша), дарындылық тұжырымдамасы аясында психодиагностикалық жұмыстар мазмұны, дарынды балаларды психологиялық қолдау, білім сапасын арттыру шарты, жалпы көлемі – 46 сағ.

«Дарынды баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу стратегиялары модульде» дарынды баланың ерекше білім қажеттілігін анықтау: жеке жұмыс жоспарын құру әдістемесі; дарынды баланы сабақ үстінде қолдау мазмұны; дарынды баланың ата-анасымен жұмыс: психологиялық кеңес беру; дарынды балаларды психологиялық қолдау, білім сапасын арттыру шарты осы модульда талданады. Модульдың ұзақтығы 34 сағат.

Тәжірибелік сабақтарда тыңдаушылардың кәсіби әлеуеттері тақырып аясында жоспарланған тапсырмаларды орындауға жұмылдырылады. Инклюзивті білім беру жағдайында дарынды оқушыны психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу(балаларды) табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасауды қамтиды. Инновациялық педагогикалық технологияларды қолданудың арқасында дарынды оқушыларының іс-әрекетін қолдау ата-анасымен, мұғалімімен педагог- психолог қызметкерлерімен тікелей байланыста жүзеге асырылады. Бұл үрдісдіс-дискуссия, эвристикалық әңгіме, интерактивті сұхбат, «ассоциограмма» әдісі, рефлексия, тренингтік тәсілдер, қызығушылықты ояту, кейс-стади, Блум таксономиясы, болжау стратегиясы сыни тұрғыдан ойлау, бақылау әдісі, іскерлік ойындар, психологиялық көмек, рөлдік ойындар,

тренингтік жаттығулар, мәселе шешу әдісі, синквейн, рефлексия және т.б. әдістер мен техникалардың көмегімен жүзеге асады.

2-кесте: тәжірибелік сабақтардың бағдарламасы

Тақырып	Кіріспе	Тақырыпты тұжырымдау	Жаттығулар, ойында	Талқылау	Кері байланыс, рефлексия
Интеллектуалды жоғары өнімді оқыту: дарынды балаларға арналған оқу процестерін оңтайландыру, Психологиялық сүйемелдеу тәсілдері мен модельдерін зерттеу	«Қызығушылықты ояту» сатысы	Таланттарды қолдау: «Дарынды балаларға арналған бірегей оқыту тәсілдерін дамыту» таныстырылым	Мамандандырылған бағдарламалар: дарынды оқушыларға тиімді курстар құру ұжымда талқылау. Тәлімгерлік және қолдау: дарынды балалардың дамуын сүйемелдеу.	Психологиялық-педагогикалық қолдау стратегиялары: оқытуға жеке көзқарас	«Интерактивті сұхбат» стратегиясы
Қолдау көрсететін білім беру ортасын құру үшін мектеп пен отбасы арасындағы серіктестік қатынастарды қалыптастыру	«Ассоциограмма» әдісі»	«Инклюзивті білім беру жағдайында дарынды балаларды қолдау мекемесінің ынтымақтастық байланыстары»	«Инклюзивті білім беру жағдайында дарынды балаларды қолдау мақсатында психолог-педагогтар пайдалана алатын тиімді SMART мақсаттарын әзірлеу мақсатында кесте толтыру	Білім беру ұйымының арнайы білім мекемелерімен ұйымдармен байланысы	«Кейс-стади» техникасы
Тәлімгерлік және қолдау: дарынды	«Жигсо» әдісі	«Тәлімгерлік және қолдау: дарынды	Вундеркинд балаларды сүйемелдеу:	Балаларды сүйемел	«Болжау» стратегиясы

балалардың дамуын сүйемелдеу		балалардың дамуын сүйемелдеу» таныстырылымы	дарындылықты анықтау әдістері	деу және дамытуға байланысты стрессті басқаруға көмектесу	
Балаларды психологиялық қолдау жұмысының заманауи ерекшеліктері	«Дискуссия,	«Балаларды психологиялық қолдау жұмысының заманауи ерекшеліктері» таныстырылымы	Таланттың инновациялық көріністеріндегі дарындылар: интеллектуалдық тапсырмаларды жоспарлау. Интеллектуалдық тапсырма берудегі оқу бағдарламасының тапсырмалары	Дарынды балалардың эмоционалды әл-ауқатын қолдауда психологтың міндеттері	«Блум таксаномиясы» стратегиясы
Шығармашылық тапсырмалар мен жобалар: шығармашылық әлеуетін көрсетуге мүмкіндік беретін тапсырмалар мен жобаларды жүргізу	эвристикалық әңгіме,	«Шығармашылық және өзін-өзі көрсету арқылы психикалық денсаулықты нығайту» таныстырылымы	Психологтар шығармашылық ойлау мен әлеуетті дамытуға және бағалауға арналған тапсырмалар мен жобаларды зерделейді	1) Инклюзивті тұлғалардың шығармашылық қабілеттерін ынталандыру және дамыту	Синквейн стратегиясы
Дарынды балаларға бағдарламасы, оқу материалдарын бейімдеу	«Мағын асын ажырату»	Дарынды балаларға бағдарламасы, оқу материалдарын бейімдеу таныстырыл	Дарынды балаларды дамытуға арналған оқу бағдарлама (материалдары тренингтер).	Білім беру бағдарламаларын бейімдеу Оқу материал	Венн диаграммасы

		Ы-МЫ		Д. бейімдеу.	
--	--	------	--	-----------------	--

Курстың соңында тыңдаушылар өз кәсіби саласы бойынша, жеке тәжірибеге негізделген бағдарлама әзірлейді және оны көпшілік алдында қорғайды. Бағдарлама инклюзивті білім беру жағдайында дарынды оқушыны психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі аясында орындалып, оның жеке білім беру траекториясын анықтайтын құжат баламасы және тыңдаушылардың шағын тобының бірегей авторлық өнімі болып табылады.

Инклюзивті білім беру жағдайында дарынды балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау стратегиялары бойынша жеке бағдарламаны әзірлеу – шығармашылық пен интеллект арасындағы байланыс және ұжымдық іс-әрекет тыңдаушыларды жаңа кәсіби белеске көтереді.

Дарындылықтың әлеуетін ашу процесінде шығармашылық стратегиялар мен әдістерді қолдануды меңгеру арқылы, оқу жетістіктерін талдау: академиялық пәндер мен ерекше қабілет немесе қызығушылық пайда болатын салалардағы жоғары нәтижелерді бағалауға ықпал етеді. Осылайша мақсаттарға жету үшін нақты қадамдар мен стратегияларды әзірлеуде «Инклюзивті білім беру жағдайында дарынды балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау стратегиялары» біліктілікті арттыру курсының келешектегі әлеуетті тыңдаушылары болары сөзсіз.

Курстың келесі құрамдас бөлігі – тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары (ТӨЖ). Ол тыңдаушының ерекше білім қажеттіліктерін анықтау мен бағалауға арналған.

ТӨЖ тапсырмаларының тізбесі (25 бірлік) тақырыптарды терең игеру мақсатында құрастырылды.

ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ

Тақырып 1. Балалар дарындылығының компоненттерінің қызметтерін сипаттау.

Тақырып 2. Интеллект жалпы дарындылықтың негізгі құрамдас бөлігін зерттеу.

Тақырып 3. Дарынды балалармен жұмыс бағыттары бойынша эссе жазу.

Тақырып 4. Отбасында дарынды баланы тәрбиелеусалыстырмалы талдаулар жасау.

Тақырып 5. Дарындылықты диагностикалау принциптерінкестемен түсіндіру.

Тақырып 6. Дарындылықты анықтау мен қолдаудың «Мен тұжырымдамасы».

Тақырып 7. Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқытудың жұмыс түрлері.

Тақырып 8. Дарынды және талантты балалардың оқу жетістігін дискрипторлық бағалау технологиясы.

Тақырып 9. Балалардың дарындылығын дамыту әдістемесі бойынша Lesson Study қолдану.

Тақырып 10. Дарындылықты анықтау мен қолдау технологиясы бойынша коучинг сабақты қолдану.

Тақырып 11. Дарынды балаларды педагогикалық- психологиялық диагностикалау әдістері.

Тақырып 12. «Дарындылық картасы» картасы әдістемесі тақырыбына топтық талдау жұмыстары.

Тақырып 13. Дарынды балалармен жұмыс жүргізу жүйесі бойынша презентация жасау.

Тақырып 14. Дарынды балалардың проблемалары мен қиындықтарын зерттеу.

Тақырып 15. Балаларға арналған психологиялық, тренингтік жаттығулар.

Тақырып 16. Интеллектуалдық қабілетті зерттеуге арналған Айзенк тестілері.

Тақырып 17. Дарынды балалардың тұлғалық даму ерекшеліктерін зерттеудің қағидаттары.

Тақырып 18. Дарынды балалармен жұмыс жүргізу инновациялық тиімді әдіс-тәсілдері.

Тақырып 19. Интеллектуалды балалармен жұмыс жүргізу әдістемесінің психологиялық қызмет жүйесін құру.

Тақырып 20. Дарынды балалармен жұмыс кезінде психологиялық қолдаудың әдістері.

Тақырып 21. Инклюзивті білім беру дарынды балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау.

Тақырып 22. Білім беру бағдарламаларына немесе зерттеу жобаларына ата-анасымен жұмыс технологиясы.

Тақырып 23. Балалардың қабілеттерін дамыту бойынша ата-аналарға арналған тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру.

Тақырып 24. Психологиялық сүйемелдеу теориялары мен тұжырымдамаларына шолу.

Тақырып 25. Эмоционалды интеллект пен әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыруға көмектесу.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Курсты оқу-әдістемелік қамтамасыз ету үшін, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың тиімді әдістері қолданылады. Ол үшін келесі қызмет түрлері іске асырылады: оқыту үрдісінің оқу-әдістемелік әдебиеттермен және оқу ресурстарымен қамтамасыз етілуі; ТӨЖ тапсырмаларын күнделікті әзірлеуді бақылау және оларға кері байланыс жасап отыру; оқу үрдісіне заманауи әдістемелерді, оқыту технологияларын және оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдарды енгізуді үйлестіру; тыңдаушылардың өнімдерін презентациялауды ұйымдастыру.

Курсты оқыту барысында дискуссия, эвристикалық әңгіме, интерактивті сұхбат, «ассоциограмма» әдісі, рефлексия, тренингтік тәсілдер, қызығушылықты ояту, кейс-стади, Блум таксономиясы, болжау стратегиясы

сыни тұрғыдан ойлау, бақылау әдісі, іскерлік ойындар, психологиялық көмек, рөлдік ойындар, тренингтік жаттығулар, мәселе шешу әдісі, синквейн, рефлексия.

Бағдарламаның тиімділігін арттыру мақсатында, курстың заманауи әдіс-тәсілдермен толтырылуы қамтамасыз етіледі. Олар: дәріс сабақтарының презентациялары, тәжірибелік сабақтардың тапсырмалары, ТӨЖ тақырыптары, қолданылатын технологиялардың тізімі: саралалап оқыту, СТО, интерактивті әдістер: кейс-стади, Smart мақсат, SWOT-талдау, брейнштурминг, инновациялық тәжірибелер: трансформациялық жаттығулар, іскерлік ойындары, эзотерикалық техникалар және т.б.

Балаларды қолдау маңызды және жауапты үрдіс екенін ескере отырып, қызметтің белгілі бір бағыттарына негізделеді. Біріншіден, баланы қайта бағдарлау, психологиялық қайта даярлау, бар дағдыларды позитивті түрде өзгертуге болады. Атап айтсақ; осы мақсатта олар оқу бағдарламаларын, арнайы дамытушы ойындар өткізеді, оның барысында бала теориялық білімді пысықтауға мүмкіндік алады.

Аталған курстың мақсаттары мен міндеттерін дұрыс анықтау тыңдаушылардың оң нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал ететіні анық. Олай болса, курстың соңында білім алушы қол жеткізуі тиіс түпкі мақсаттарға қол жеткізу үшін өлшеу және бағалау әдістері қарастырылады; әрбір білім алушының жеке білім беру траекториясы айқындалады; іс-қимыл жоспары жасалады; олар үшін мақсатқа жетуге көмектесетін нақты міндеттер әзірленеді. Тыңдаушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, балалармен жұмыс істеу процесінде психолог үшін жеке өсу мен дамудың маңыздылығын түсіну, мәдени ерекшеліктерді және олардың психологиялық сүйемелдеу процесіне әсерін зерттеу мақсатында мақсатында ұсыныстар жасай алатындай, кері байланыс тетіктерін қамтамасыз ету.

8. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Тыңдаушылардың оқу нәтижелерін бағалау «Инклюзивті білім беру жағдайында дарынды балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау стратегиялары» біліктілікті арттыру курсының ерекшеліктеріне сәйкес жүргізіледі. Бағалау әдістерінің тиімділігі оқыту нәтижелілігін көрсетеді. Сондықтан, білім беру мәселелері бойынша кеңес беру, қажеттіліктерін анықтау жеке қолдау бағдарламаларын әзірлеу, дарынды балаларды сүйемелдеу үшін психологтың білімі мен дағдылары, қосымша сабақтарды ұйымдастыру, сыни ойлау және талдау дағдыларын дамыту: ақпаратты талдау, логикалық ойлау және күрделі мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға бағытталған жаттығуларды әзірлеу, балалардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу, таланттарын дамытуға психологиялық қолдау, көмек көрсету қызметімен ерекшеленеді.

3-кесте: ОТЖ тақырыптарының критерийлері

Мазмұны	Критерий	Дескриптор
Тұрақтылық	Жұмыстың (текст) мазмұнының тақырыпқа сай болуы	2 балл 1 балл 0 балл
Сапалылық	тақырыпқа байланысты модельдерінің сипаттамасы және сапалық деңгейі	2 балл 1 балл 0 балл
Көкейкестілік	ұсынылған маңызды ақпараттар, қолданбалық және жаңалық дәрежесі	2 балл 1 балл 0 балл
Тұтастық	тиімді қарым-қатынас олардың қолдауын және сәтті дамуын қамтамасыз ету	2 балл 1 балл 0 балл
Стимул	мақсатқа жету жолында ынталандыру	2 балл 1 балл 0 балл

4-кесте: Дескрипторды дәстүрлі бағалау жүйесіне көшіру

Баға	Дискриптор
«өте жақсы»	9 - 10 балл
«жақсы»	6 - 8 балл
«қанағаттанарлық»	3 - 5 балл
«қанағаттанарлықсыз»	0 - 2 бал

БАҒА

Курс аясында тыңдаушылардың оқыту нәтижесінің бағалануы олардың қорытынды аттестация нысаны болып табылатын жеке бағдарламаларының сапасымен өлшенеді. Ол үшін бағдарламаны бағалау критерийі жасалып, ұсынылды.

Функционалдылық, қолдану қарапайымдылығы, тиімділік, сенімділік, инновация сынды параметрлермен бағаланатын жеке бағдарлама «жеткілікті» - 2 балл, «орташа» - 1 балл, «төмен» - 0 балл шкалалары арқылы өлшенеді. Нәтижесінде дескрипторлардың көрсеткіштерінің жиынтығы дәстүрлі бағалау жүйесіне ауыстырылады (4-кесте).

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдауonline режимінде, қашықтықтан жүзеге асырылады. Ол үшін WhatsApp желісі және e-mail қызметі қолданылады. Курстан кейінгі қолдаудың міндеттері:

Жеке бағдарламасы «қанағаттанарлық» немесе «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланған тыңдаушыға әдістемелік көмек көрсету; ол үшін курстың озат тыңдаушылары және өнімі төмен бағаланған тыңдаушымен бірге қызмет ететін әріптестері (курстың бұрынғы немесе қазіргі озат тыңдаушылары) 1 ай мерзім ішінде менторлық сүйемелдеуді жүзеге асырады. Курстан кейінгі қолдау форматы, нысандары мен әдістері жағдайға қарай икемделуі мүмкін.

10. ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2022.

2. Психолого-педагогическое сопровождение и оказание поддержки учащимся с особыми образовательными потребностями в школах на краткосрочной, среднесрочной и долгосрочной основе методические рекомендации, Национальной академии образования им. И. Алтынсарина Астана, 2015.

3. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы: ҚР БЖҒМ 12.01.2022ж., № 6 бұйрығы (ҚР Әділет министрлігінде тіркелуі 18.01.2022ж., № 26513). – Астана, 2022.

4. Білімді ұлт – сапалы білім беру ұлттық жобасы: ҚР Үкіметінің 12.10.2021ж. № 726 қаулысымен бекітілген. – Астана, 2021.

5. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары: ҚР БЖҒМ 12.01.2022ж., №4 бұйрығы (ҚР Әділет министрлігінде тіркелуі 24.01.2022ж., №26618). – Астана, 2022.

6. Білім беру ұйымдарында инклюзивтік мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық білім академиясы, 2019. – 320 б.

7. Данилова, О.В. Особенности психологической характеристики одаренных детей с ограниченными возможностями здоровья / О. В. Данилова // Вопросы образования.–2015 – № 3. – С. 54–62

8. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: методические рекомендации. – Алматы, 2019. – 112с

9. Мұқашева, А.Б., Жұмабекова, Қ.Б. Дарынды балалар педагогикасы: оқу құралы. / Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 130б. -ISBN 978-601-04-3918-. <http://rmebrk.kz/book/1177622>

10. Шевченко, Н. В. Психолого-педагогическая поддержка детей с ограниченными возможностями здоровья в контексте инклюзивного образования / Н. В. Шевченко // Наука и школа. – 2015. – № 5. – С. 74–79.

11. Данилова О.В. Формирование психологической готовности будущих педагогов к деятельности в условиях инклюзивного образования / О.В. Данилова // Educational bulletin «Consciousness» / Образовательный вестник «Сознание». – 2021. – Т. 23. – № 7. – С. 11-18 (0,5 п/л

12. Парфенова, Г. Л. Обучение и развитие одаренных детей: учебное пособие / Г.Л. Парфенова, О.Г. Холодкова, О.А. Бокова. — Барнаул: Алтайский государственный педагогический университет, 2020. — 224 с.

13. Д. В. Психология интеллекта и одаренности / Д. В. Ушаков. — 2-е изд. — Москва : Издательство «Институт психологии РАН», 2019. — 464с, <https://www.iprbookshop.ru/88374.html>

14. Франц, Монкс Одаренные дети / Монкс Франц, Ипенбург Ирен ; перевод А. В. Белополюский. — 2-е изд. — Москва : Когито-Центр, 2019. — 136 с. <https://www.iprbookshop.ru/88401.html>

15. Бұлақбаева М. Қ. Дарындылық әлеуметтік маңызы мен диагностикасы. Монография Алматы, 2016. – 132б.

16. Тоқтарбаева Р. Дарынды оқушыларды ғылыми жұмысқа баулу // Тәрбие туралы, 2010. №6, 7-9б. Источник: <https://www.tarbie.kz/25526> Тоқтарбаева Р. Дарынды оқушыларды ғылыми жұмысқа баулу // Тәрбие туралы, 2010. №6, 7-9б.

17. Шырынбаева Г.К. Оқушы дарындылығын анықтау теориясына негізделген мұғалім қызметі // Қазақ тілі: әдістеме, 2010. №3, 2-4б.

18. Махашова П.М. Бұйымбаева Ш.Б. Дарындылықты анықтауда интерактивті әдістерді қолданудың тиімділігі // Дулати университетінің Хабаршысы, 2022. – №1, 19-25б.

19. Елубаев А.О. Дарынды оқушылардың тану ерекшелігі – Дарын, 2009. №5, 112-116б.

20. Савенков А.И. Психология детской одаренности. М.: Генезис, 2010. – 440 с.

21. Rabota s odarennymi det'mi. Vyyavlenie odarennosti u detei (Metodicheskie rekomendatsii dlya pedagogov). Sostaviteli: Boeva E.L., Kondratenko O.I. – Staryi Oskol, 2011.

22. Правильная ссылка на статью: Ростовцева М.В., Ковалев В.Н., Машанов А.А., Лутошкина В.Н. — Психолого – педагогическое сопровождение спортивно одаренных детей // Педагогика и просвещение. – 2019. – № 4. – С. 34 - 42. DOI:

23. Айдарбекова А.А. Обоснование необходимости разноуровневых требований к учебным достижениям учащихся с ограниченными возможностями // Вестн. КазНПУ им Абая. Серия «Специальная педагогика». – 2015, №2.

24. Мұқашева А.Б., Жұмабекова Қ.Б. Дарынды балалар педагогикасы. Алматы «Қазақ университеті» 2019 – 89-90 ББ.